

Нашему земляку, академику К. А. Сагадиеву—60 лет

# КРУПНЫЙ УЧЕНЫЙ-ЭКОНОМИСТ МИРОВОГО ЗНАЧЕНИЯ

Во второй декаде февраля научная общественность Казахстана готовится отметить 60-летие со дня рождения нашего земляка, ученого с мировым именем Кенжеғали Абенузіча Сагадиева, для чего был создан организационный комитет.

На страницах нашей газеты мы решили ознакомить своих читателей с материалом оргкомитета, посвященным юбилею.

Крупный ученый, педагог, один из известных в стране организаторов науки и высшего образования, доктор экономических наук, профессор, академик Сагадиев Кенжеғали Абенузіч родился 18 февраля 1938 года в ауле № 1 Джангильдинского района Костанайской области. Окончил с серебряной медалью Аулиекольскую среднюю школу (1955 г.), с отличием экономический факультет Казахского государственного университета (1960 г.). Здесь же был оставлен на преподавательской работе.

В 1963 году К. А. Сагадиев поступил в аспирантуру Московского института народного хозяйства и досрочно ее закончил с защитой кандидатской диссертации. В 1966 году был назначен заместителем декана планово-экономического факультета Алматинского института народного хозяйства (АИНХ), в этом же институте последовательно проработал в должностях заведующего кафедрой, секретаря партийного комитета (1969—1973 гг.), проректора по учебной работе (1973—1982 гг.). Таким образом, он является одним из организаторов первого вуза экономического профиля в Казахстане.

В 1982 году К. А. Сагадиев был назначен ректором Целиноградского сельскохозяйственного института (ЦСХИ). Он сумел найти эффективные способы повышения качества подготовки специалистов и интеграции вверенного ему коллектива с научными учреждениями и производством. Была кардинально перестроена материально-сырьевая база института, и его социальная сфера претерпела серьезные перемены к лучшему. По его инициативе один из шести биотехнических центров СССР был создан в ЦСХИ. Институт стал одним из ведущих в системе аграрных вузов Советского Союза.

К. А. Сагадиев прошел большую научную школу в Москве и все последующие годы упорно занимался наукой. Им опубликован ряд фундаментальных работ, раскрывающих закономерности обращения средств производства, роль и механизмы воздей-

ствия отраслей производственной инфраструктуры на темпы и сбалансированное развитие экономики. В книге «Проблемы повышения экономической эффективности материально-технического снабжения» он одним из первых в б. СССР наиболее полно обобщил методы выбора критериев эффективности работы данной отрасли.

В монографиях «Управление материально-техническим снабжением в Казахстане», «Материально-техническое снабжение и эффективность производства», «Материально-техническая база снабжения и быта в Казахстане» и ряде других обосновал концептуальные основы совершенствования территориальной организации перехода на оптовую торговлю средствами производства. К. А. Сагадиев является признанным в Казахстане главой научной школы в области экономики материально-технического снабжения.

Научный диапазон К. А. Сагадиева не замыкается лишь вышеуказанным направлением. Многочисленные его труды посвящены общэкономическим проблемам («Некоторые вопросы теории и методологии измерения эффективности общественного производства» и др.). В монографии «Сто вопросов и сто ответов об агропроме» и ряде других работ исследованы узловые проблемы перехода на новые экономические методы хозяйствования в аграрном секторе, пути углубления агропромышленной интеграции в Казахстане.

В последние годы К. А. Сагадиев активно включился в исследование проблем перевода казахстанской экономики на рыночные основы. Его многочисленные публикации и выступления в печати, записки в вышестоящие инстанции посвящены актуальным проблемам стратегии и тактики экономических реформ в Казахстане.

В 1992—1994 гг. К. А. Сагадиев возглавлял Казахский государственный экономический университет, который по его инициативе был преобразован в Казахскую государственную академию управления (КазГАУ). В этот пе-



риод по-настоящему была перестроена структура и содержание подготовки экономистов. Принятые новые учебные планы и программы были нацелены на подготовку необходимых специалистов для формирующейся рыночной экономики республики. В КазГАУ созданы учебно-научные комплексы, открыты новые кафедры: менеджмента, маркетинга, макроэкономики, микроэкономики, основ предпринимательства и ряд других. В его составе организованы институт финансово-банковского менеджмента, центры экономических исследований и экономической социологии, институт рынка. За короткий срок (1,5 года) с помощью зарубежных партнеров КазГАУ начал реализовывать три крупных проекта по коренной модернизации экономического образования на сумму 6,5 млн. долларов.

Научная творческая интеллигенция высоко оценила деятельность К. А. Сагадиева как ученого и организатора, и он 2 февраля 1994 года был избран Президентом Национальной академии наук. Это было неординарным для академической науки явлением. На должность Президента НАН РК был избран член-корреспондент Академии, и он впервые избирался на альтернативной основе из числа нескольких ученых. Вскоре (14 февраля 1994 г.) Общее собрание единогласно избрало его действительным членом (академиком) НАН РК.

Президент НАН РК Сагадиев К. А. во главу своей деятельности поставил проблему научно-технического суверенитета Казахстана и задач Академии, направленных на достижение этой цели. Последовательно отстаивал фактор новых знаний и технического прогресса как главную основу развития страны, необходимость сохранения самостоятельной роли академической науки как центрального звена научно-технического потенциала Казахстана.

Был предпринят ряд серьезных мер по реформированию науки: осуществлялся выбор приоритетов фундаментальных и фундаментально-прикладных исследований, под них перестраивалась научная структура, усиливалась технологическая направленность исследований. Проводились меры по сокращению оттока научных кадров и их социальной защите. По ходатайству Академии Президентом Казахстана Н. А. Назарбаевым были учреждены государственные стипендии выдающимся ученым и талантливой научной молодежи. Широко внедрялись контрактные условия работы. Был объявлен открытый республиканский конкурс по наиболее острым научным проблемам развития республики и учреждены гранты для победителей. Значительно был обновлен и омоложен корпус директоров НИИ. Ряды членов Академии пополнились зарубежными и отечественными учеными, преимущественно за счет представителей новых отраслей знаний и молодого поколения ученых. В период работы Сагадиева К. А. Президентом Академии в ее составе были организованы институты общей генетики и цитологии; социологии и политологии в г. Алматы, Институт фитохимии в г. Караганде, Институт региональной экономики в г. Шымкенте, открыто Отделение медицинских наук. Все это помогло удерживать основное ядро научных кадров, материально-техническую базу Академии, концентрировать силы и средства на перспективные исследования.

После реформирования научных структур и создания Министерства науки — Академии наук К. А. Сагадиев в апреле 1996 г. был назначен ректором Казахского государственного аграрного университета, организованного на базе б. Казахского государственного сельскохозяйственного и

Алматинского зооветеринарного института. Он серьезно отнесся к новым обязанностям. За короткое время в агроуниверситете были созданы крупные учебно-научно-производственные комплексы, центры компьютерной и языковой подготовки, сбалансированный перечень специальностей и открыты новые направления подготовки кадров (биотехнология, экология, междисциплинарные экосистемные отношения, аграрное право, фермерское дело и т. д.), проведена серьезная работа по укреплению материальной базы.

С первых дней работы университета высоко поднята планка требований к квалификации педагогов и качеству обучения студентов, остро поставлена проблема интеграции науки с процессом обучения, вывода исследований на приоритетные направления, на международный уровень.

К. А. Сагадиев неоднократно избирался депутатом районного, городского и областного советов народных депутатов Алматы, Акмолы и Акмолинской области, соответствующих партийных комитетов, был членом ЦК КП Казахстана (1990 г.). Награжден орденами Трудового Красного Знамени (1971 г.), Дружбы народов (1987 г.), медалями СССР. Он принят в члены Ассоциации американских ученых (1994 г.), избран членом Нью-Йоркской академии наук (1996 г.) и действительным членом (академиком) Международной академии наук высшей школы (1997 г.). Под его руководством защищено 3 докторских и 28 кандидатских диссертаций. Всего им опубликовано более 140 научных работ.

В истории высшей школы и науки Казахстана не так часто встречается факт, когда одно и то же лицо последовательно возглавляло три крупных высших учебных заведения и генеральный штаб науки. Это говорит о высоком профессионализме К. А. Сагадиева, о силе его природного таланта.

Юбилей пришел к своему шестидесятилетнему юбилею в расцвете творческих сил, отмечает его в кругу семьи — детей и внуков, многочисленных учеников и друзей. Жить и творить во имя создания, воспитания творцов будущего, быть любящим сыном родного народа — не в этом ли смысл жизни человека на этой земле.

## ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ БОЛДЫ

Күрметті жерлестерімі Ардақты ағаларым мен бауырларым, жақсылар мен жайсаңдар! Қашаннан маңдайы баққа жаралған Әулікөл халқының тағы бір Ұланы Ұлы болып, егеменді еліміз тарихынан ойып орын алып ақпанның 20-шы жұлдызында еліміздің бас қаласы Алматыда 60-ын тойлағалы отыр.

Мен мерейтой иесі Кенжеғали Әбенұлының ер жетіп, өскен, 10 жылдық білім алған, үлкен өмірге алғашқы сапарына ақ тілек айтқан жері, ата-дестүр салты бар, 70 мыңдай халқы бар Қостанай облысының Әулікөл ауданының өкімі ретінде елдің ізгі тілегін, ыстық жүрегің, айтқан сөлемін жеткізгім келіп отыр.

Кенже ағамыз атадан Ұл болып туған. Ал атадан Ұл болып туған адамнан ұлылық шығары анық. Халқымыздың «ие, ол атадан Ұл болып туған ғой»,—деуі де төгін емес.

Ойлап тұрсам, Кенже ағамыз мұндай ғалым болмасқа тіпті реті де жоқ екен. Оған себеп, оның кіндік кесіп, кір жуған жері Ахмет Байтұрсынұлының Ақкөлінде болып, тал бесігіңді тербелуі сонда өтсе, ел бесігіңде тербелген шағы қазақтың тұңғыш ғалымы Шәкәтті туған жері Әулікөлде өтті. Оның үстіне, өзі де аруақ қонып, нар шөккен тұқымнан, ұлы нағашылары да қазақтың Ахандары екен. «Үйдің жақсысы

ағашынан, баланың жақсысы нағашысынан»,— деп біздің қазақ төгін айтпаса керек.

Әулікөлден бұрын-соңды кептеген ғалымдар шықса да, ел тарихы, жер тарихы сөз болғанда алдымен Шоқан Уәлиханов аталса, кейінгі тарихын халқымыз осы Кенжеғали Сагадиевтен бастағанды жөн көреді. Ал мұндай күрмет ілуде біреуге ғана көрсетілуі мүмкін ғой.

Біздің әулікөлдіктер Шоқан мен Кенжекеңді тұмар етіп бастарына көтереді. Сол сияқты Әулікөл Ерік Асанбаев, Сағындық Сатыбалдин, Шайсұлтан Шаяхметов, Нығметжан Есенғарин, Ағыбай Мұқатаев, т. б. өзінде туып өскен, алғаш білім нәрине сусындап өскен жері. Аудан орталығындағы Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебінің тарихын парақтап отырсақ, сол мектепті тұңғыш рет медальмен бітірген осы Кенжекең екен. Кенжекең бір ғана аймақтың ұлы емес, тұтас халқымыздың, ұлтымыздың, Қазақстанның ұлы байлығы екеніне көзіміз жетіп отыр. Сонымен бірге Сіз бізге ыстықсыз, бізге ардақтысыз. Сондықтан да біз Сізді мақтан етеміз.

Алдыңғыға ілесіп отыру жақсы, ал алдыңғының өзі болу одан да жақсы дегендей, ол алдыңғының өзі.

Әрине, ол бұл 60-тың асқар тауына оңайлықпен келген жоқ.

Жоқшылықтың тақсыретін, таршылықтың тауқыметін көріп өскен ұрпақтың өкілі. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрді, жоққа жасымады, барға тасымады, өз ойы, өз сөзі бар азамат болғаны бізді қуантады.

Қарапайым да қалтқысыз байсалды мінезіңізбен кішкентайыңыздан өзіңіз тұстастар түгілі Ұлкендер де Сізді өзінен жоғары санайтын. Осыдан да болар Сіздің алдыңызға барғандар шаруасын айтудың орнына ақыл алып Кенжекең қайтып жатады. Міне, осыны көріп-біліп, оқып-үйреніп жүрген біз, жерлестеріңіз үшін Сіз әрқашан биік, әрқашан жоғарысыз. Әрине, бұл биіктікке жайдан жай жеткен жоқсыз. Оған өзіңіз інемен құдық қазғандай етіп өмірге енгізген 140 ғылыми еңбек, жетекшілік етіп өмірге жолдама берген 3 ғылым докторы, 28 ғылым кандидаты куә.

Алпыстың ғана емес, ақыл-парасаттың асқар беліне, кез келген адам шыға алмайтын биігіне, дос сүйсініп, дұшпан күйнетіндей тамаша да әдемі абыроймен келіп отырғаны бізді қуантады.

Алпыс дегеніңіз екі отыз ғана, бұл өзіңіз бар асылын жарқыратып көрсететін, халқымызға бөделі көтеріле беретін асқар асуы. Сол асудан Кенжекең абырой биігінен көрініп аман-сау өт-

кеніне көзіміз жетіп отыр.

Адал еңбек қана адамның абыройын асыратыны, елге мерейін өсіретіні анық. Сол адал еңбегіңнің арқасында өз бақыты мен арманына жетіп, бұтағын жайған бәйтеректей болып отырғаны бізді қуантады.

Қайда да, қандай қызметте болса да, бірден сол қауымның ұйытқысы, сүйіктісі болып кете алатын Сіздің асыл қасиеттеріңізді жерлес жеткіншектеріңіз бойынша оқып үйрете жүріп сіңіретін боламыз. Өмір етпейтін, бұйрыққа сүйенбейтін, халқының қамын жейтін адам біздің жаңа қоғамымызға бірден-бір қажеттілік. Мұндай адамдар ар-ұят адамы болумен қатар кейінгіге үнемі достық, бауырмалдық егіп кететін болады. Осы үшін де бүкіл жер жүзі 1992 жылы жыл адамы деп таныды. Бұл ілгері мәдениетіміз бен ғылыммызға үлкен тіреу. Міне, осындай адал қасиеттің барлығы бойында бар Сіз жерлестеріңізге ғана емес бүкіл еліміз жұртшылығына үлгі деп сенеміз.

Адам қыранға айтар теңеуді көрінген құсқа айтпайлы, біз Сізге айтар ізгі лебіміз бен теңеуімізді көрінгенге айтпаймыз.

Кенжекең анамыздан дана, табиғатынан ғұлама ғалым болып туған адам. Халықтың бақытына жаралған Ұл, ғалым, бағыңыз баянды болғай. Сіздей Әулікөл топырағынан нәр алып, әлемдік өркениетке қанат жайып, тәуелсіздік көгіне көтеріліп келе жат-

қан мемлекетіміздің іргетасын қаласып, шаңырағын көтеріскен жерлестерің зор мақтаншықа бөлейді.

Республикамыздағы ірі тұлға, ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым Сіздің алдыңызда жаңа тұрпатты мемлекетіміздің өсіп, нығаюы үшін орасан зор мақсаттар мен ұлы міндеттер тұр. Мемлекетіміз үшін мұндай өлі ара кезеңде Сіз сияқты нағыз шынайы реформаторлар қажет. Сіз соның бірі ғана емес, бірегейісіз.

Бүкіл еліміздің халқы мен қоса жерлестеріңіз де Сіздің еткен еңбегіңізді бастарын ие отырып қабылдап, алда атқаратын істеріңізді зор үмітпен асыға, ынтыға күтеді.

Кенжеғали Әбенұлы, жалпы жұрттың сүйіспеншілігіне мастанбай, азаматтық қалпыңызға қылау түсірмей, шыққан биігіңден құламай, даладай маңғаз, теңіздей терең, бұлақтай таза болып, сабырлы мінезіңізді сақтап, балашағаның қызығын көріп, Нағызтайыңызбен қоса ағарып, тамырын терең жайған бәйтеректей ұзақ уақыт көктеп тұра берсеңіз дейміз!

Денсаулығың мықты болсын, жетпіске басқан қадамыңыз құтты болсын! Туған ел, туған халқың үшін Сіз еткен әрбір еңбектен шынайы қамқорлықты, адал жүректі аңғарамыз. Бұл жолдағы еңбегіңізге толағай табыс тілейміз!

Е. МАХМЕТОВ,  
Әулікөл ауданының әкімі.

Жерлесіміз, академик К. Ә. Сағадиев — 60 жаста

# ЕРЕКШЕ, ТҰСТАСТАРДАН БЕРІК ТҰЛҒА

## Аса құрметті Кенжеғали Әбенұлы!

Сізді 60 жылдық мерейтойыңызбен өз атымнан және Әуликөл ауданы тұрғындарының атынан шын жүректен құттықтаймын!

Табиғат сыйлаған ақыл мен талант, еңбексүйгіштік пен жоғары адамгершілік қасиеттеріңіздің арқасында Сіз әлемге әйгілі ғылым дәрежесіне көтерілдіңіз. Біз, жерлестеріңіз — әуликөлдіктер арамсыздан Сіздей экономика ғылымын дамытуға орасан зор үлес қосқан ірі академик шыққанын әрқашан мақтаныш етеміз. 38 жылдық ғылыми-педагогикалық қызметіңізде Сіз тәрбиелеп шығарған мыңдаған мамандар тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына үлестерін қосып, салған жолыңызды әрі қарай жалғастыруда.

Өзіңіз ашып басқарған Қазақ мемлекеттік басқару академиясы аз мерзім ішінде шетелдік әріптестерімен бірлесе отырып, экономикалық білім негізін түбірімен қайта құрып, мемлекетімізге көп пайда көлтірді. Сіз ұсынған экономикалық дамудың ғылыми бағыты Қазақ өлі үшін баға жетпес байлық екенін күнделікті өмірден көріп, сезініп келеміз. Ғылымға қосқан үлесіңіз елімізде, шетелде жоғары бағаланып, Сіз Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшелігіне сайланып, Қазақстан ғылымын әлемге әйгілі еттіңіз.

Сіз алпыстың асуына шығармашылығыңыздың толыққан шағында балаларыңыз бен немерелеріңіздің достарыңыз бен шәкірттеріңіздің ортасында шығып отырсыз.

Қымбатты Кенжеғали Әбенұлы, Сізге мол бақыт, зор денсаулық, қызметте шығармашылық табыс, отбасыңызға игілік пен тыныштық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Әрқашан ел алғысына бөленіп, өміріңіз нұрлы болсын!  
Аудан әкімі **Е. МАХМЕТОВ.**

## Арқақы Алатаумен табыстырған

Жерлесіміз, әрі бір мектептен түлпек ақшан академик ағамыз Кенжеғали Әбенұлының 60 жылдығына.

Ағады өмір-өзен арындаған, Алдында асқар тауың барында мен.

Өсірген заманның бір ғұламасын, Туған жер таланттарға тарылмаған.

Думанға құлақ түріп далам алаң, Қуаныш, сүніншісіз тарала ма ән? Алпыстың ақбозына отырыпты, Кешегі келте кекіл қара балаң. Көз тігіп астанаға алыс қырдан, Қиялын қыр желімен жарыстырған.

Арманның ақ желкені алға тартып,

Арқақы Алатаумен табыстырған.

Ұлағат ұрпақтарға асқан ісі, Болмаған қиындықтан жасқанысы.

Өлемге жыл адамы аталып та, Орынды болды елдің мектанышы.

Қашанда қуат алып сүйікті елден, Бойына ғылым жүгін жиып келген,

Туған жер тілекші боп тұрар дейім, Ұланым, көрін деп тек биіктерден.

**Әсия БЕРКЕНОВА,**  
халық ақыны.

Әуликөл селосы.

## Аңсап жүрем көкемді

Қазіргі уақыттағыдай көк тіреген көкесін, аспанмен таласқан ағасын, тәттілігі балдай төтесін «папа, дядя, тетя, бабаға» айыр-бастап жүргендердей емес, біз өулетімізбен өуелден ағайларымыздың үлкені Нұғанды — тәте, кенжесі Кенжеғалиды — Көке деп есіп келеміз. Осы ынтымағымыздан да болар, барлығымыздың да шаңырағымыз бөлек болғанмен, шаттығымыз бірге, қуаныш-қайғымыз ортақ. Өзінен кейінгі түгел тәрбиелеп өсірген Көкеміңіз орны бәріміз үшін ерекше. Содан да болар, мен оны ылғи аңсап жүремін, аңсап тұрамын. Өуелден осы ынтымақ біріктірген біздердің ұрпақтарымыз да ынтымақты, ылайым осылай болсын деп тілеймін.

Бүгін 60-қа толып, кемеліне келіп жатқан Көкеміңіз мерейтойын бүкіл республика болып ғылым жолындағы адал ізгі аға ұрпақтың еспеттеп жатуы біздер үшін асқан бақыт, зор қуаныш. Жастайымнан қолында оқып, сенімін ақтап, тәрбиесін алып ел қатарлы өмір сүріп жатқанымыздың өзі Көкеміңіз мерейтойына сыйлаған тартуымыз деп есептеймін.

Көкем тұрғанда кептен қалуға жол жоқ. Кішкене күнімізден бастап қатаң қадағалаумен отыратын әдетін ол мен Алматыға барып оқуға түсіп, студент болғаным елінде қойған емес. Өзі қиналып аспирантурада оқып, ғылыми еңбек жазу үстінде жүрсе де бізді қадағалауға уақыт табатын. Тіпті болмағанның өзінде Нағытай жеңешеме талсырып, біздің жүріс-тұрысымыз бен оқуымызды қадағалатын. Кейде телевизордағы киноларды қарауға отырсақ, «осыған неге уақыт

кетіріп отырсыңдар, осы киноның немен аяқталатынын мен-ақ айтып берейін»,—деп, бұрын көріп қойғандай етіп айтып беруші еді.

Біздің ол кісіні қадірлеуімізде, қарым-қатынасымыздың берік туыстық ынтымаққа айналуында жеңешем Нағытайдың еңбегі ерекше. Меніңше, жеңгемнің барлық адами қызметі мен құрметі де Көкеміңіз еңбек жолына арналды десем артық бағалағандық емес. Тіпті Көкеміңіз «маңайында» болып туыс-тірек болуды да бізге мәнзеп, бағыттап отырушы еді. Жастықпен онысын аңғармағандықпен мен осы күні андап жүрмін. Шіркін, қандай үлкен жүрек, үлкен парасат десеі-ші! Көкеміңіз жүрек түкпіріндегіні ұғынған жеңге ұсынысы дұрыс-та шығар деп ақылын осы күні аңғарғандаймын. Бар асыл, бар игілікті іс халықтікі екенін біліп, сезіне тұрсақ та туыстың жөні, өсіресе, қарындасқа қанатымен қорған болатын аға жөні ерекше. Қашанда өмірімде де, көңілімде де Көкемді аңсап жүремін.

Торқалы туған күнің тойында туыстар атынан әлемдегі бар жақсылықты тілеймін.

**Р. ОРАЗҚЫЗЫ,**  
Әуликөл селосы.

## Кластасым-құрдасым!

Бүгінгі республиканың Бас қаласы Алматыда дүрілдетіп өткелі отырған дүбірлі той иесі — бүкіл әлемге әйгілі біздің кластың қара баласы, құрдасымыз Кенжеғали Сағадиев. Амандығын алладан, адамшылығын өзінен тілеп осыдан 43 жыл бұрын біз оны астаналық оқу орнына шығарып салып едік.

## ӨЗІНЕ-ӨЗІ ТАБЫНҒАН

Өсер ұрпақтың ішінде көш басшысы сияқты жаңа толқын қашанда тіл мен ділге тың тыныс, үлкен үрдіске ұласар соны соқпақ әкеледі. Мағжанның «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады...» деуінің сыры да осында жатса керек. Сонау 1955-ші жылы Әуликөлден астанамыз Алматыға аттанған бала Кенжеғали алып бәйтеректен нәр алып «көкке құлаш сермеген» көп жастың бірі еді. Мектептегі шәкірт кезінде шаңғы мен шахматтан алдына жан салмаған үздікті оны өуелде тәу-кен инженері мамандығын игеруге жетеледі. Бірақ әлдебір сөбептермен жағдай билеп мамандық ауыстыруға тура келді. Шын жүйрікке өріде, қыры да бірдей емес пе! Мектептің ең алғашқы күміс медалінің иегері Кенжеғали Әбенұлы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің қабылдау емтиханын бірыңғай бестікке тапсырды. Мәскеудің демі бұйырмағанмен Ақбасты Алатау аясындағы гүл қала, күн қалайың сан қызығында жастығын жалғастырды. «Болар бала бесігінен» деген емес пе, оқуға түсісімен студенттер Кеңесінің төрағасы болған Кенжеғали өз тұстастары түгіл, оқытушылар қауымы арасында да үлкен беделге ие болды. Елден барған балалар ағалай өзін жағаласа, ақылман сөздерін тыңдап кеңес алды. Сол кезеңді еске алған ізбасар іні-қарындастары осы күні: «Университет жатақханасына немесе клубтардағы би кештеріне кіргенде мұғалімнен емес, алдымен Кенжеғалидан «қорқушы» едік, ол келіп соңына ілестірсе, басқаға көз салмаушы едік»,—десіп отырады. Бала күнп қиялдың шақ адам өсінде ұзақ сақталатын әдеті емес пе. Сол өлес бұл күнде байыпты байыз тауып бүкіл ұрпақ өсінде сақталғандай болып отыр. Өуелден зерделі және жақсымен жанасу, жаңаға жақын жүру пешенесіне жазылғандай. Алғашқы жылдан бастап оқу орнындағы студенттердің ғылыми кеңес жұмысына белсене араласты. Жетпей жатса да жолдастарымен бөлісіп, оларды қамқор-

лыққа алып, көпшіл болып өсті, есейді. Қазақтың көрнекті ақыны Сағынғали Сейітов деген ағамыз өзінің жетімсіз шағын Фафумен бөліскенде:

Олекса! Бір плащты екеу ара, Бөліссек деме мұны бөкер ғана

Жаңбырда жаз түгілі, күзге таман Есіме қоңыр плащ түседі

әман, дегендей, Кенжекеннің де сондай достарының бірі Шөпкен (Әбдіғәпар) еді. Екеуара бір костюм киіп ескен қос құрбы. Ал Жақсылық Трашев болса Алматының қай түкпірінде де қоса көшісіп жүріп жастық шағын жалындатты. Рас, ізденіс, мінездерінде өзгешілік болатын. Сөзге сараң, іске мығым Кенжеғали оқуда да, тұрмыста да өзіне-өзі табынған, өзін-өзі жаныған жан. Ол ғылым өрісінде отығып есейді, бірақ «жетім қозы — тасбауыр» болмады. Оны туыстары мен тұстастары да, ол туыстары мен тұстастарын да үнемі үлкен құрметпен мөпелел ардақтады, аялады. Әлі де солай. Жазғы демалыс күндерінде Аманқарағайдың шағын вокзалының маңайында пойыз күтіп тұратын 2—3 машинаға ағасы Ораз марқұм бүкіл бала-шағаны «бықытып» алып барушы еді... Сондағысы ат шығарып даңғазалау емес, туыстық шекараны білдіруден гөрі болашақ ғалымға керсеткен қолпаштау, келешекті меңзәу екен ғой.

Ашық қолды, көпшіл мінезін алғашқы үйленген жылдары қаншама жетімсіздік көріп, тар бөлмелерде тығылысып жүрсе де қоймай, саздауға біткен құба талдай боп ауылдан келгендердің бәріне сая болды. Соның бір куәсі ретінде мен де сонау 1963 жылдары Алматының Хрущев қыстағы деген жағында пәтерде тұрғанында Әментаймен бірге сол үйде болып көргенім бар. Аспирантура бітірген жас ғалымды сонда көрдім. Одан кейін араға бір мүшел салып 1975 жылы проректор-партком хатшысы кездерін көріп сүйсіндім.

Мұны айтып отырған себебім: «Жақсыға өркімнің де бар тала-сы», —дегендей, сенікі емес, ме-

нікі деп таласушылар болса, ол олардың ұғымының саяздығынан емес, еліміздің ұланынан ұлы болып өскен Кенжекеннің ұлылығы екенін білдіру.

Жастайынан ғылым көгіне ұмтылып, есімі әлемге әйгілі болған, әлі де бергенінен берері мол К. Ә. Сағадиев бұл күнде бүкіл әлем құрметтеген Кенжеке десек, көзі ашық, көкірегі ояу барша зиялы жұртшылық таласпасы даусыз.

Бұл күндері 60-тың асқарына шығып отырған Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев 1922 жылы Англияның Кэмбридж университетінің өмірбаян-орталығы шешімі бойынша Қазақстанда тұңғыш рет Жылдың таңдаулы адамы атанды. Бір сөзбен айтқанда, есімі айдай әлемге мәшһүр болды. Үлкен құрмет. Дүние жүзінің 80 елінің айтулы азаматтары таразы басына түскен топтан бұлай суырылып шығу—екінің бірінің маңдайына бітпеген бақ.

Кісілік келбеті, азаматтық лауазымы, қоғамдағы орны, ғылым мен мәдениеттегі еңбегі — бәрі ескерілді. Осы талап-тілектердің бәрінен сүрінбей өткен Кенжекең есімі шын мәнінде тек қана жерлестері біздің емес, ісі қазақтың мақтаныш сезіміне лайықты-ақ. Кенжекең секілді азамат ағамыз арқылы тәуелсіз ел ретінде тарих сахнасына енді-енді ғана қадам басқан Қазақстан да бір белестен бой көрсетіп қалғандай.

Кешегі бүгінгіге өлшем болмай қалған қоғамның мына үрдісінде ол басқарып отырған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің аты да, заты да заман талабына сай өркендеп келеді. Оқу-ғылым жүресін басқаруға көптеген жаңалықтар енді, 8 факультет, 60 кафедрасы негізінде 5 оқу-ғылыми кешені бар. Онда қызмет атқаратын 1000-нан астам ұстаздың 490-ы профессор, доценттер. 10 мыңнан астам студент білім алады. Осындай іргелі ел болашағы үшін атқарылып жатқан ұлы кешің басында өзіне-өзі табынған ұлы Кенжеғали Әбенұлы отырғанына мақтан, ағайын-жұртым!

Қуанышың құтты болып, ұлың өмірлі болсын!  
**И. АҒЫТАЙҰЛЫ,**  
Әуликөл селосы.

## АЛТЫН ҰЯНЫҢ АҚ ТІЛЕГІ

Дарындар мен таланттардың, өсіресе, ғылым мен әдебиет майданында ешпес із қалдырған қайраткер — аға ұрпақтар өткен өмір жолдарына көз салсақ, өмір толқынындағы қарама-қайшылықтарды аңғармауға болмайды. Теңірін олардың бойына талай буынға үлгі-өнеге болар, тіпті, тамсана жүрер қабілет сыйлаған, сонымен бірге ғылым деген ғажайыпқа толы сырлы дүниені ашуда аса бір қайсарлықпен, ерекше шыдамдылықпен қажымай-талмай еңбек етуді қажет еткен. Ғылым дариясындағы осындай ұрпақтың жуан ортасынан жақында ғана 60-тың асқарына шығып отырған Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев ағамыз да өзінің лайықты орнын тауып отыр. Осындай халқымыздың майдайып біткен дара дарындардың біздің мектебімізден шыққаны бізге мақтаныш.

Дүниеге мыңдаған, миллиондаған адам келіп жатады, ал мынадай сан қырлы таланттың мына жарық дүниеде қалтқысыз және жемісті еңбек етуі сүйсінерлік құбылыс. Жас кезінде адам тым

арманшыл келетіні рас. Бірде ғаламда теңдесі жоқ жаңалық ашатын ғалым болғысы келсе, бірде, көркем сезбен көңіл-күйін тегіп-тегіп тастайтын ақын да болғысы келеді. Мектепте оқып жүргенде Кенжекең ағамыз да осындай тәтті арманға жиі берілуші еді, беріліп қана қоймай, соған сай еңбектенуге талпынаын деп ілтипатпен еске алады көнекөз ұстаздары. Соның нәтижесі болу керек, Кенжекең де орта мектепті үздік бітіріп, арта қуып астанамыз Алматыға аттаныпты. Студенттік шақта да ол үздік оқып қана қоймай, қоғамдық өмірге де белсене ат салысқан. Кейінгі саналы өмірін ғылымды дамытуға жұмсағандығын бәріміз де жақсы білеміз. Іскерлік, жоғары ұйымдестірушілік қабілеті және әділеттілігі арқасында көпшілік құрметіне бөлене білді. Оның тікелей бастамасымен талай жаңалықтар дүниеге келді.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Президенті дәрежесіне дейін көтерілуі осының айқын дәлелі болса керек. Арман асуларына осылайша қол жеткіз-

ген сегіз қырлы, бір сырлы асыл ағамызды өзі білім нәрімен суындап, тәрбие алған, үлкен өмірге қантандырып ұшырған алтын ұя Әуликөл қазақ орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтайды!

Әуликөл өңіріндегі ежелгі білім ордасы, қасиетті қара шаңырағымыздың абыройын асырып, Қазақстан ғылымына еселі үлес қосқан, оның көшбастаушысы болып егеменді еліміздің ғылым саласындағы жетістіктерін дүние жүзіне паш еткен енегелі өмірін, ұлағаты істерін мектеп ұстаздары әрдайым еске алып, шәкірттерге үлгі-өнеге етіп отырады, алып тұлғалы ағамыздай зағар, білімді, асыл азамат болуға тәрбиелейді.

Осынау мерейтой күні қасиетті Қостанай, қарт Торғай өңірінің жас өркендері атынан Кенжекең ағамызға мықты денсаулық, абырой, бақыт тілей отырып, халқымызға бергеніңізден бөреніңіз көп бола бергей деген ыстық ықыласымызды жолдаймыз.

**С. ОСПАНОВ,**  
**Ш. Уәлиханов атындағы**  
**Әуликөл қазақ орта**  
**мектебінің директоры.**

орындалды. Кенжеғали есімі әлемге әйгіленді. Өзіңмен бірге оқып, тайқұлындай тебіскен Әбдіғали Тайжанов, Жақсылық Трашев, жаныңда жүрген ғалым Сағындық Сатыбалдин, тағы да аты аталмаған достас-кластастар, Зибаш, Халида, Ғайни, Жұмакүл сияқты арман-қыздар, ақ қыздар, бәрі де есте, бәрі де есейіп өр

жетті. Әуликөлден түлеп ұшқан саған баршамыз жолың ақ болсын, арманың орындалсын, халық тілегі үшін жасап жатқан, жасайтын еңбегің жемісті болсын, кластасым-құрдасым, дейміз.  
**Бәрінің атынан**  
**Бағытқали ЖӘМӘЛИЕВ.**